Жалпы ата - аналар жиналысының
№ 1 хаттамасы

28.09.2023 жыл

Қатысқандар: 39

Қатыспағандар: 11

Тақырыбы:Жаңа оқу жылындағы өзгерістер.
Мақсаты:Ата-аналармен танысып,ата-анамен балабақша арасында тығыз байланысты орнату.

Күн тәртібінде
1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ерекшелігі

2. .Ата-аналармен тренинг жургізу
Тақырыбы: Сіз қандай ата-анасыз?

3..Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау

1)Тыңдалды: Медбеке А. Мансурова «Мектепке дейінгі жастағы баланың ерекшелігі» тақырыбында баяндама оқыдыБаяндамада 3.-тен 6 жасқа дейінгі аралықты мектепке дейінгі кезең деп есептейді. Бұл кезде бала алғышқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғары жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды, бойының өсуінде де өзгерістер байқалады. Мысалы, 5 жасында 6-7 см-ге артса, 6 жаста 7-8 см өссе, 7 жасында 10см өседі. Баланың кеуде клеткасының өсуіне байланысты аяғы мен дене пропорциясы өзгереді. Бұлшық еттері дамиды, денесі кішкене кезеңмен салыстырғанда сымбатты бола бастайды. Қимыл қозғалысының дамуы бұлшық етінің дамуына үлкен әсерін тигізеді. Сонымен қатар қанайналым жүйесінің жұмысында да өзгерістер байқалады. Жүрегінің көлемі 4 жас пен 1 жасты салыстырғанда 4-5 есе артады. Сәбилік кезеңмен салыстырғанда қан тамырларының соғуы да жиілейді. 5-6 жаста қан тамырларының соғуы төмендейді, бірақ ересек адаммен салыстырғанда баланың қан тамырының соғуы жиі болады. 7 жасқа келгенде бас миы салмағы артады, яғни 3 жаста 1200 грамм болса, 7 жаста 1250 грамм болады. 3 жасқа дейін баланың екінші сигналдық системасының дамуы психикасының дамуына өзіндік сепігін тигізеді. Өйткені бала құрбы-құрдастарымен, айналасындағы үлкен адамдармен жиі-жиі тілдік қарым-қатынаста болады, бұның өзі баланың логикалық ойлауына ерік сапасы мен есінің, қабылдауы мен қиялының, зейінінің дамуына әсер етеді. Соның нәтижесінде баланың алдыңғы кезеңдермен салытырғанда қоршаған ортамен қарым-қатынасы артып, жас кезеңіне тән өзіндік ерекшелігі қалыптасады.

3 жастан кейінгі кезең сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады.
3 жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, 3 жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды.
4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, икемділігі, қозғалысқа икемділігі байқалады. Доптың немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді, бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. Рөлдік ойындарын да күнделікті көріп жүргендерін ғана бейнелейді.
5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру,жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік өоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңьек әрекеттерін де орындайды. Үлкендердің басшылығымен көптеген әдет-дағдыларды меңгеру де бала психикасының дамуына көп ықпалын тигізеді. Ертегі дәне әңгімедегі кейіпкерлерге өзінше баға беріп, талдау жасайды, соның нәтидесінде қиял, ойлау, есте сақтауының дамығандығын байқаймыз. Бала ұжыммен бірігіп, ойнап, еңбек әрекеттерінің нәтижесінде өзінің жасаған жұмысына эмоциялық баға беріп, эстетикалық талғамы артады.Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді,Барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6 жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді.

Баладың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді. Оның ұйқысының тыныш болуы, тез ұйықтауы немесе тыныш ұйықтай алмауы, қатты ұйықтауы сол сияқты жүйке жүйесі күшінің жылдам немесе жай қалпына келмеуінен де байқалады. Бала ашыққан кезде өзін қалай ұстайды, оны уақытымен тамақтандырып отырмаса айқайлап жылап немесе көңілсіз, әлде тыныш бола ма соған да байланысты, яғни сыртқы ортаның әсер еткен әр түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі тепе-теңдігі, бір қалыптылығымен де жауап қайтарады. Жүйке жүйесінің күнделікті өмірдегі негізгі көрсеткіштері ұстамдылық, тұрақтылық, тыныштық, көңіл-күй қалпының өзгеруімен жіне бірден жарқырап қуанып, жабырқап, қайғыруынан байқалады. Сөзі мен қимыл-қозғалысының біркелкі болмауы да осыған мысал бола алады. Жүйке жүйесінің қозғыштығының көрсеткішіне өзін қоршаған ортаға жаңаны тез қабылдап, бағдарлай алуы,өмірдегі өзгерістерге тез бейімделуі, естеліктер мен дағдыларды тез

игеруі көпшілік ортада өзін еркін ұстап, жаңа ортаға тез бейімделуі, жан-жақты қабілеттілік әрекетінің бір түрден екінші түрге тез ауысуы, еске тез сақтап, қайта жаңғырта алуы, шапшаң қимылдап тез сөйлеу, сезгітікті пайда болуы мен көрінуі де жүйке жүйесінің қызметіне байланысты. Жүйке жүйесінің әсерлегіштігі сырттан әсер ететін тітіркендіргіштерге жауап беру қабілеттілігінен де көрінеді. Кейбір балаларды ашуланшақ, күгелек, шыдамсыз десек, енді біреулердің қуанғаны да, ренжуі де түсініксіз дейді, Енді біреулерді икемді, етпі десек, оған қарама- қарсы ебедейсіз, олақ, бейімділігі жоқ та балалар бар. Бұл қасиет баланың сыртқы әрекеттердің әсеріне оңай бейімделе алмауынан, көп күш жұмсауынан көрінеді . Баяндама бойынша ата-аналарөз пікірлерін айтты.

Тыңдалды: Тәрбиеші : Г. Шарипова ата-аналармен_ Сіз қандай ата-анасыз?
Тақырыбында жаттығу өткізді
Мақсаты: Ата - анамен баланың ортасындағы қарым - қатынасты анықтау.
1.Балаңыздың жақсы көретін түсі қандай ?
2.Қандай тағамды сүйсініп жейді?
3.Балаңыздың атын еркелеткенде қалай атайсыз?
4.Балаңыздың ең жақын досының есімі?
5.Балаңыздың сүйікті мультфильмы?
6. Балаңыз сүйікті ойыншығы ?.
Тыңдалды: Әдіскері: У. Масимова
2023-2024 оқу жылының өзгерістеріне тоқталды. Барлық қосымша мамандар өздері жылдық жоспарымен таныстырды. Жұмыс жасау кестесімен де таныстырды. аналарға қатысуына рұқсат берілмейді.
Ата-ана комитетінің төрайымы болып: З Айсарова,комитет мүшелері С. Г. Варисова .Т. Измахунова, Д.Алмасовалар сайланды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс айтып, рахметтерін білдірді.
.

Ата –аналар жиналысының шешімі:

Баяндама негізге алынсын.
Тренинг негізге алынсын
3.Ата-аналар комитеті төрайымы З. Айсарова. комитет мүшелері Т. Измахуновамен Г. Варисова,Д,Алмасовалар сайлансын

ЖШС «Радость-2020» балабақшасының

Жалпы ата – аналар жиналысы.

№2 хаттамасы

13.01.2024 жыл

Қатысқандар:42

Қатыспағандар: 8

Тақырыбы: Жарты жылдық қорытынды

Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінде өтілген тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде

1.Жарты жылдық қорытынды

2.Ашық оқу қызметтеріне қорытынды

Тыңдалды: Тәрбиеші: Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Бүгін сіздермен оқу жылының жарты жылдық қорытындысын жасаймыз. Жарты жылдықта балалар балабақшадағы күн тәртібіне қалыптаса бастады. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі.Үлкендермен және өз достарымен қарым - қатынас жасауды үйренді. Топтарда күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың басымен салыстырғанда балалардың оқу үлгерімі әлдеқайда жоғарылады. Жал басынан есептегенде мектепалалды тобы балалары 35 әріптермен таныс болды. Балалар өтілген әріптер бойынша буындап оқуды, сауатты, көркем жазуды үйренді. Тәуелсіздік мерекесін, Алтын күз мерекесі аталып өтті. аталады. Алдағы уақытта балалармен оқу қызметтерін ары қарай жалғастыратын боламыз.

Әдіскер: «Жан шуағы» атты тренинг арқылы жиналысымыз бастаймыз . Рақмет баршаңызға. Күнделікті балаларымызға жылы тілектерді айтып жүректеріне жылулық сыйлап, жақсы көретінімізді айтып отырғанымыз дұрыс.

Тәрбиеші: «Біз 5 айда не үйрендік?»

- Күн тәртібіне бейімделдік, үйрендік
- Жазуды, оқуды, есеп шығаруды үйрендік
- Оқу қызметтеріне белсене қатысу, өз ойын айту
- Достарымен жақсы қарым-қатынас орнату (кешірім сұрау, рұқсат сұрау, бір-бірін кешіру)
- Апайлармен дұрыс қарым –қатынас жасау (амандасу, тыңдау, кешірім сұрау, рұқсат сұрау)
- Ұйымдастырылған оқу қызметтері:

Білім күніне байланысты балалармен тақырыптық оқу қызметі өткізілді. Балаларға білім күні туралы түсінік беріліп, жаңа келген балалармен танысты.Екі топты тіл мерекесіне орай тәрбие сағаттар өтті.Балабақшада «Күзгі баққа саяхат»ашық есік күні болып өтті. Оқу қызметінде балалар ертегі кейіпкерлерінен әр түрлі танымдық тапсырмалар алды. Қызықты логикалық тапсырмаларды бірлесе орындады. Балалар үшін қызықты болды. Балалар сахнада өздерін еркін ұстап, әсем ән мен әдемі билерді биледі. .Тәуелсіздік мерекесіне орай балабақшамызда тәрбие сағат болды. Балалар мерекелік бағдарламада би билеп, ән айтып, көрініске қатысты. Белсенділіктерін көрсетті. Жаңа жыл мерекесінде балаларға мектеп алды тобында

«Ормандағы гномдар» атты ертегі қойылды Ортаңғы топ балаларымен ойындар ойнатылды.Ертеңгілікке . би билеп, сыйлықтар тараттық. «Ағаш» атты жобамыз өтілді. Балалар ағаштар туралы мәлімет алды.. Оған күнделікті күтім жасап, қамқорлық көрсетуді үйренді.Ағатан жасалатын заттар туралы түсініктері қалыптасты. . Балаларға балабақшадағы жарты өте қызықты, әрі пайдалы өтті.

Ата –аналар жиналысының шешімі:

1.Жарты жылдық қорытынды негізге алынсын

2 Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындасын.

Әдіскер :
Хатшы:

ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27.037 2024 жыл

Қатысқандар:41
Қатыспағандар: 9

Күн тәртібі

«Балабақшадағы мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және ата-аналардың қатысуы»

Тыңдалды

Жиналысты балабақша меңгерушісі ашып, ата-аналарды күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйлеп, балабақшада өткізілетін мерекелік іс-шаралардың тәрбиелік маңызы туралы баяндады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, сахна мәдениетін қалыптастыру және ұжымдық қарым-қатынасты нығайтудағы мерекелік іс-шаралардың рөлі түсіндірілді.

Оқу жылы барысында өткізілетін Тілдер күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, Алғыс айту күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні,

Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі күні және Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік бағдарламалар туралы ақпарат берілді.

Музыка жетекшісі мерекелерге дайындық жұмыстарының кезеңдерімен таныстырып, балалардың өнер көрсетуіне қолайлы жағдай жасау, мерекелік киімдерді алдын ала дайындау және ата-аналардың белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті.

Сөйлегендер

Ата-аналар атынан Г.Итахунова сөз сөйлеп, балабақша ұжымына балалардың шығармашылығын дамытуға қосып жатқан үлесі үшін алғысын білдірді. Сонымен қатар мерекелік іс-шараларға белсенді қатысуға дайын екендерін жеткізді.

Тәрбиеші Д.Джаппарова ата-аналармен бірлесіп өткізілетін мерекелер балалардың өзіне деген сенімділігін арттырып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтатынын айтты.

Қаулы

1. Балабақшада мерекелік іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Ата-аналар мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып, балаларды дайындауға қолдау көрсетсін.
3. Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттайтын мерекелердің мазмұны байытылсын.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары барлық іс-шараларда қатаң сақталсын.
5. Осы қаулының орындалуын балабақша меңгерушісі мен әдіскер бақылауға алсын.

Жиналыс төрайымы: _____

Хатшысы: _____

ата – аналар жиналысы.
№4 хаттамасы

31.05.2024 жыл

. Қатысқандар: 39
Қатыспағандар: 12

Тақырыбы: 2023- 20234оқу жылының қорытындысы
Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінде өтілген тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде

- Балалардың білім мониторингімен таныстыру
- Жаз айына жоспар

Тыңдалды: Әдіскер: - Оқу жылына қорытынды жасау
2023-2024оқу жылының аяқталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар балалармен өте көп өтті. Сіздер үнемі атсалысып қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды шаралар болды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады.
Ертеңгілікке ерекше дайындалып видеороликпен аналарын барлық нәзік жандыларды ерекше құттықтап әсерлі етіп кешті бастап,ән айтып,би билеп, алғаш сахнаға көрініс көрсетіп,өздерін еркін ұстап жан –жақты көрсетті. Ата аналар балалардың білім мониторінгімен танысып өтті..
Тыңдалды: Тәрбиеші: Г.Шарипова Жаз айына жоспармен таныстырып өтті.

Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Бүгін сіздермен 2023-2024 оқу жылының қорытындысын жасаймыз. Оқу жылында балалар балабақшадағы күн тәртібіне толық қалыптасты. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі. Үлкендермен және өз достарымен қарым - қатынас жасауды үйренді.Топта күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың басымен салыстырғанда балалар оқу қызметіне әлдеқайда жоғары деңгейде қатысады,өз ойын еркін жеткізе алады. .
Тыңдалды: Балабақша дәрігері:
Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Оқу жылының аяқталуымен баршанызды құттықтаймыз. Денсаулық бірінші байлық демекші денсаулығымызды қорғау әрдайым өзекті болып қалмақ.Балаларымыздың денсаулығын әрдайым қорғап жүру керекпіз. Еліміздегі жағдайларға байланыс профилактикалық шаралар әр үйде жүргізілуі керек. Балабақшамызда осы жылы балаларымыздың 10% тұмаумен ауырды. Ауырғандар саны өте аз болды. Ауырған балалар үйлерінен емделіп келді. Балабақшаға арнайы денсаулық сақтау орындарынан анықтамалар алып келіп, қабылданды. Жұқпалы аурулар балаларда көп кездеспеді. Балалар балабақша температуралары өлшеніп, қолдарын залалсыздандырып кіргізілді. Егер, балалар ауырған жағдайда, балаларды толыққанды тексерістен өткізіп, емдік шараларды қолданып келулеріңізді сұраймыз.

Ата –аналар жиналысының шешімі:

1. Балалардың білім мониторингін негізге алынды.
2.Жаз айларында болатын апталыққа нақты жоспарлар құрулды..

Төрайымы:

Хатшы: